

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 338 "2020-2022 жылдарға арналған Қарақобда ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 415 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 қыркүйекте № 7427 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына және 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 338 "2020-2022 жылдарға арналған Қарақобда ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6709 тіркелген, 2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Алға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық
мәслихат сессиясының төрағасы

Р. Еркусимова

Алға аудандық
мәслихатының хатшысы

Б. Жумабаев

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 415 шешіміне қосымша
Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 338 шешіміне № 1 қосымша

2020 жылға арналған Қарақобда ауылдық округінің бюджеті

Санаты					Сомасы (мың теңге)
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			I. Кірістер	17 627,8	
1			Салықтық түсімдер	1063	
	04		Меншікке салынатын салықтар	1063	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	20	
		3	Жер салығы	120	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	923	
2			Салықтық емес түсімдер	279,8	
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	279,8	
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	279,8	
4			Трансферттердің түсімдері	16 285	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	16 285	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	16 285	

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6

		II. Шығындар	1 7 627,8
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 5 258,1
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 5 258,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 5 258,1
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 5 258,1
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 969,7
	3	Елді мекендерді көркейту	1 969,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 969,7
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	958
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	160
	011	Елді мекендерді абаттандыру және көркейту	851,7
12		Көлік және коммуникация	400
	1	Автомобиль көлігі	400
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	400
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	400
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операция бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		V. Бюджет тапшылығы (профицит)	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
7		Қарыздар түсімдері	0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
	2	Қарыз алу келісім шарттары	0
16		Қарызды өтеу	0
	1	Қарызды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражатының қалдықтары	0